

Жинақтаушы зейнетақы қорының бұқаралық ақпарат құралдарында қаржылық есепті жария етуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 469 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 31 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2663. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2009 жылғы 24 тамыздағы N 84 Қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2009.08.24 N 84 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) еншілес ұйымдары жоқ - бухгалтерлік баланстың және пайдалар мен зияндар туралы есептің аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылмаған н ы с а н д а р ы н ;

2) еншілес ұйымдары бар - бухгалтерлік баланстың және пайдалар мен зияндар туралы есептің аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылған нысандарын жыл сайын, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға жылдық қаржылық есепті ұсынғаннан кейін бір ай ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 20 шілдедегі N 79 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л е д і .

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі

бөлімшелеріне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Операция басқармасы (Төлеутаева Ә.Қ.) қабылданған шешім туралы ақпаратты жариялауға байланысты шығыстарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасының бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен төлесін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Жинақтаушы зейнетақы қорының
бұқаралық ақпарат құралдарында
қаржылық есепті жария етуі туралы"
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 469 қаулысына қосымша

Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің жылдық қаржылық есебін (таңдауы бойынша) жария ететін мерзімді баспасөз басылымдарының тізбесі

1. "Казахстанская правда" газеті;
2. "Егемен Қазақстан" газеті;
3. "Новый Азамат-Times" газеті;
4. "Алтын орда" газеті;
5. "Экспресс К" газеті;
6. "Деловая неделя" газеті;
7. "Время" газеті;
8. "Жас Алаш" газеті;
9. "НП-Новое поколение" газеті;
10. "Панорама" газеті;
11. "Караван" газеті;
12. "Түркістан" газеті;
13. "Юридическая газета";
14. "Заң газеті" газеті;
15. "Айғақ" газеті;

16. "Аиф - Казахстан" газеті;
17. "Официальная газета";
18. "Столичная жизнь" газеті;
19. "Мегаполис" газеті;
20. "Новости недели" газеті;
21. "Жас қазақ үні" газеті;
22. "Начнем с понедельника" газеті.